қажеттілік болып табылады, ал себеп – айыпталушының емдеу мекемесінде психиатриялық көмек көрсету үшін жүгіну фактісі. Себеп қылмыстық істің кейбір нақты мән-жайларының заңгерлік маңыздылығына қарамастан, аталған нақты мән-жайлар туралы ақпаратпен шектеледі. Негіз екі критерийдің үйлесімін болжайды: арнайы (белгілі бір арнайы танымдарға қажеттілік) және логикалық-заңгерлік (осы іс үшін заңгерлік маңызы бар мән-жайлардың әлеуетті өзара байланысы). Іс үшін айтарлықтай маңызы бар немесе дәлелдеу барысында қолданылатын қандай да бір мән-жайларды анықтау үшін сараптама тағайындалып, жүргізіледі.

Сот сараптамасын жүргізу негізі сараптама тағайындаудың негізінен туындайды. Бұл жағдайда нақты және заңды негіздерді бөліп көрсету қажет. Арнайы білімнің көмегімен істің мән-жайларын белгілеу қажеттілігін анықтау үшін іс бойынша анықтауға жататын фактінің табиғатын бағалау қажет. Бұл сараптаманы жүргізу үшін арнайы танымдар мен құқықтық негіздерді қолдану қажеттілігін анықтау мүмкін болмайтын гносеологиялық аспект болып табылады<sup>14</sup>.

Криминалистикалық және процестік әдебиетте сараптаманы жүргізу негіздері және тергеу әрекеттерін жүргізуге маманды тарту негіздері туралы проблема пікір-талас тудыруда. Бұл өзінің құқықтық табиғатына қарай денсаулығына келтірілген зиянның ауырлығын анықтау мақсатында тірі адамды қарауды білдіреді, әсіресе, болар-болмас зиян туралы сөз қозғалғанда. Заң міндетті түрде сараптама тағайындауды талап етеді. Денсаулыққа ауырлығы жеңіл және орташа ауыр зиян келтірілуін анықтау сот медицинасы немесе медицина саласындағы маманды тарта отырып, куәландыру арқылы мүмкін, себебі сарапшының қызметі маманның қызметінен жүргізілген зерттеудің тереңдігімен ажыратылады. Сарапшының денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығы туралы қорытындысы қадағалау, сипаттау және салыстыру сияқты әдістерге негізделген, бұл қылмыстық процестегі маманның қызметіне тиесілі. Сонымен қатар денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығын анықтау адам стационарлық емделуден болған жағдайдан басқа зертханалық әне инструменталды базаны талап етпейді. Сондай-ақ сарапшы науқастың амулаторлық картасы мен сырқатнаманы зерделеу негізінде өзінің қорытындысын жасайды. Жоғарыда баяндалғанға сәйкес міндетті түрде сараптама тағайындау жағдайларын қарастыру қажет, сонымен қоса сараптаманың жеке нысандарына сүйене отырып, сараптама тағайындау жағдайларын атап өтуге болады. Сараптаманы міндетті түрде тағайындаудың жалпы критерийлерін көрсетуге болады, бірақ бұл қиынға соғады. Ол үшін міндетті жағдай ретінде сараптама нысанында арнайы танымдарды қолдану қажеттілігінің гносеологиялық критерийін анықтау керек.

Заң күдіктінің (айыпталушының) өз әрекеттерін бақылай алу қабілеттеріне және өз әрекеттеріне есеп бере алатынына қатысты күдік туындаған жағдайда, басқаша айтқанда, қылмыс жасағаннан кейін айыпталушының есі дұрыстығына немесе оның психикалық денсаулығына қатысты күдік туындаған кезде міндетті түрде сараптама тағайындауды талап етеді. Біздің ойымызша, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын жасқа жеткен кезде ересек адамның есі дұрыстығы-

ның даулы презумциясын бекіту қажет. Әдебиеттерде өз әрекеттеріне есеп беру және оларды бақылай білу қабілеттілігі жалпыға мәлімділік пен айқындылық санаттарымен байланысты. Алайда есі дұрыстығы айқын және жалпыға мәлім факт ретінде қылмыстық процесте қарсылық тудыруы мүмкін, бұл жағдайда, әрине, психологиялық-психиатриялық сараптама тағайындау міндетті.

## ***1.2 Сот объектісінің ұғымы және олардың жіктелуі***

Сараптаманың объектілері, негізінен, заттай дәлелдемелер болып табылады. Оларға: адамдар мен жануарлардың, заттардың, механизмдер мен агрегаттардың бейнелері, заттектер, материалдар мен бұйымдар, құжаттар мен полиграфиялық өнімдер, адамнан бөлінетін заттар, оның дене мүшелері және мәйіттер, өсімдік және жануар текті әртүрлі объектілер және тағы басқалар жатады.

Объектілердің әрқайсысын зерттеу үшін сот сараптамасында сараптамалық зерттеудің әдістемелері, яғни ғылыми негізделген әдістер, тәсілдер мен техникалық құралдар жүйесі әзірленуде (құрылғылар, құралдар, аппаратуралар).

Сот сараптамасында қолданылатын заттай дәлелдемелерді зерттеудің әдістері мен құралдары осы мақсаттар (криминалистикалық әдістер) үшін арнайы әзірленеді немесе жаратылыстану және техникалық ғылымдардан алып пайдаланылады. Алайда соңғы жағдайда сараптамада пайдаланылатын әдістер мен техникалық құралдар ерекше міндеттерге және зерттеу объектілеріне сәйкес айтарлықтай өзгеріске ұшырайды, стандартты жабдыққа қосымша ретінде дайындалған өзіндік тәсілдер, арнайы құрылғылар пайдаланылады<sup>15</sup>.

Криминалистикаға және сот сараптамасына жаратылыстану мен техникалық ғылымдардың жетістіктерін біріктірумен қатар қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізумен тікелей байланысы жоқ адам қызметінің саласында сот-сараптамалық білімді пайдалану процесі жүргізілуде. Оны бірқатар мысалдармен түсіндірейік. Азық-түліктердің құрамын анықтау (мысалы, кофе, шұжық өнімдері, шырын) сот-сараптамалық әдістемелер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, олар тауар сараптамасы бюросында зерттеуден гөрі толығырақ ақпарат бере алады. Сарапшылардың ұсынымдарна сәйкес жасанды құжаттар жасаудан қорғауды жүзеге асыру осы қорғаныстың сенімділігін арттырады. Сарапшы-трасологтің банктегі сейфтер мен олардың кілттерін үнемі тексеріс жүргізуі кілттердің көшірмелерін жасау және банк сейфтарындасақталатын құндылықтарға рұқсатсыз қол жеткізу қаупін бір ола жояды.

Сараптама сот ісін жүргізуде арнайы білімді қолданудың жалғыз нысаны емес. Қылмыстық-процестік заңа маманды оның арнайы білімін пайдалану мақсатында тергеу және сот әрекеттерін жүргізуге тарту мүмкіндігі көзделген. Сарапшының және маманның процессуалдық жағдайы ұқсас. Олар арнайы ілімге ие болып, оларды өздерінің процестік қызметінде қолануы тиіс, істің нәтижесіне мүдделі болмауы тиіс. Алайда сарапшы мен маманның арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Сарапшы оның қарауына берілген объектілерді талдай отырып, дәлелдемелердің жеке көздері болып табылатын қорытынды береді. Маман өзінің арнайы білімі мен дағдыларын тергеушіге немесе сотқа дәлелде-

мелерді анықтау, бекіту және алып қоюда көмек көрсетеді; олардың назарын дәлелдемелерді анықтау мен бекітуге байланысты мән-жайларға аудартады.

Тергеу және сот әрекеттерін жүргізу кезінде туындаған арнайы мәселелерге қатысты түсіндірме береді. Маман тікелей қадағалау жолымен анықтаған фактілер туралы мәліметтер тергеу немесе сот әрекеттері хаттамасында тіркеледі. Егер тергеушіге немесе сотқа қажетті фактілер мен мән-жайларды анықтау үшін арнайы білімнің негізінде зерттеу жүргізу қажеттілігі туындаған кезде сараптама тағайындау керек. Сарапшы әлдеқашан жиналған дәлелдемелермен жұмыс істейді, оларды зерделеу нәтижесінде тергеушіге немесе сотқа бұрын белгісіз болған жаңа нақты деректер алады. Кейбір жағдайларда мамандар да зерттеу жүргізеді (мысалы, қылмыстық іс қозғауға дейін тергеп-тексеру), бірақ бұл алдын ала зерттеулер болып табылады және алынған нәтижелерінің дәлелдемелік маңызы жоқ.

Тергеуші немесе судья арнайы білімге және тиісті қылыми-техникалық құралдарға ие бола отырып, маманның көмегінсіз жұмыс істей алады (маманның тергеу әрекеттеріне міндетті түрде қатысуы жағдайларын қоспағанда). Тергеуші немесе судья сараптаманы оның арнайы білімге ие болуына немесе болмауына қарамастан тағайындайды, себебі сараптамалық зерттеу арқылы алынған нақты деректер сарапшының қорытындысынан басқа ешбір процессуалдық құжатта көрсетіле алмайды. Тергеуші (сот) аттай дәлелдемелер жинауға құқылы, бірақ олардың көздері бола алмайды. Тергеуші (сот) мен сарапшының міндеттері үйлеспейді.

Бірде бір теория ғылыми білім мен практикалық қызметті жүйелендірусіз түсініктеме бере алмайды. Жүйелік әдіс заттар мен құбылыстарды белгілі бір біртұтас білімнің бөліктері мен элементтері ретінде қарастыруды болжайды. Бұл бөліктер мен элементтер өзара байланысып, біртұтас жүйені құрайтын біріккен жаңа қасиеттерін қалыптастырады. Философтар қандай да бір ғылыми жүйенің жетілуі оның жіктеу жүйесінің аяқталуымен анықталады деп атап өткен<sup>16</sup>.

Сот сараптамасы институтын ұстауға жүйелік тәсілдеме оның дамуының барлық кезеңдері үшін тиесілі. Дәл осындай тәсілдеме қылмыстық процесте сот сараптамасын ғылыми негізделген түрде жіктеуге мүмкіндік береді.

Логикада жіктеуді «қандай да бір түрдегі заттарды осы түрдегі заттарға тән және оларды басқа түрдегі заттардан ерекшелендіретін айтарлықтай белгілеріне сәйкес жіктелімге бөлу, сондай-ақ әрбір жіктелім пайда болған жүйеде белгілі бір орынға ие және өз алдына жіктелім тармақтарына бөлінеді» деп түсіну қалыптасқан. Әрбір жіктеудің белгілі бір ғылыми немесе практикалық мақсаттары бар екендігін есте сақтау қажет. Осы мақсаттарға байланысты заттардың белгілері немесе белгілер тобы және олар үшін ортақ және осы мақсаттарды жүзеге асыруға қатысты жіктеуші үшін маңызды құбылыстар ретінде жіктеу үшін негіз де табылады.

Әрбір жіктеу оның логикалық ережелерін сақтаумен қалыптасады, атап айтсақ:

1) бірдей жіктеуде бірдей негізді пайдалану қажет;



2) жіктеу мүшелерінің көлемі жіктелетін жіктелімнің көлеміне тең болуы тиіс;

3) жіктеу мүшелері бірін-бірі өзара шығаруы тиіс; яғни олардың бірде біреуі басқа жіктелімнің көлеміне кірмеуі тиіс;

4) жіктелім тармақтарына бөу үздіксіз болуы тиіс, яғни жақынырақ жіктелім тармағын алып, алыстағы жіктелім тармағына секірмеу керек.

Криминалистикалық және заң әдебиеттерінде қылмыстық процестегі сот сараптамаларын бірнеше негіздер бойынша жіктеуге болады.

А.Р. Шляхов жіктеу негізі қандай теориялық және практикалық міндеттер қойылуына және оларды кім шешуіне байланысты деп көрсетуі әділетті. Барлық криминалистер мен сот сарапшылары дерлік сараптаманы жіктеу үшін арнайы негіз ғылыми тұрғыда сарапшының арнайы білімінің мәнін анықтайтын сараптамалық зерттеудің нысаны, объектісі және әдісі болып табылатынымен келіседі.

Алайда кейбір авторлар жіктеу үшін негіздер ретінде «зерттеуді жргізу үшін сарапшылар пайдаланатын білім саласына» нақты көрсетпейді<sup>17</sup>. Сарапшының арнайы білімінің көзі болып табылатын білім саласы олардың мәнін анықтайтын құрамдас бөлігінің бірі болып табылады. Басқа құрамдас бөліктер зерттеу нысаны, объектісі, әдісі мен әдістемесі болып табылады.

А.Р. Шляхов білім саласын жіктеудің сот сараптамасын жіктеуден айырмашылығы бар екендігін дұрыс көрсеткен, себебі «физикалық, химиялық, математикалық, техникалық әдістер мен құралдар сараптаманың барлық топтары мен түрлерін жүргізу кезінде пайдаланылады». Криминалистикалық әдебиетте сараптамалық зерттеудің нысанына, объектісіне және әдістемесіне байланысты сот сараптамасының бірнеше жіктелімі көрсетіледі. Мысалы А.Р. Шляхов біртұтастық және бірлесу дәрежесіне қарай сот сараптамасын төрт деңгейге бөледі: 1. Жіктелім (үлгілер). 2. Тектері. 3. Түрлері. 4. Түр бөлігі. Сараптаманың жіктелімін білімнің біртұтастығымен біріктірілген, сот сараптамасының теориялық және әдістемелік негіздерін қалыптастырудың көзі болып табылатын сараптамалық зерттеулер құрайды.

Сараптаманың түрі сараптамалық зерттеу нысаны, объектісі және әдістемелері бойынша ажыратылады. Сараптаманың түрін сараптаманың түрлік нысаны анықтайды. Сараптаманың түр тармақтары сараптаманың міндеттеріне байланысты ажыратылады. А.Р. Шляхов сот сараптамасын тоғыз жіктелімге бөледі. Н.А. Селиванов сот сараптамасын он үш жіктелімге бөледі. Ғалым сарапшылардың арасында сот сараптамаларының жіктелімі мен түрлерінің субординациясына қатысты бірыңғай пікір жоқ.

Ғылымның, техниканың, сараптамалық зерттеу әдістемелерінің дамуымен, арнайы білім салаларының бірігуі және саралану процесі дамуымен сот сараптамасының түрлерін жіктеу өзгертін болады. Сот сараптамаларын нысан, объект, әдістеме және арнайы білім көзі ретіндегі білім саласы бойынша жіктеу сараптаманы тағайындаудың практикалық міндеттерін шешу; сарапшыны таңдау; сот сараптамаларының әртүрлі түрлерінің заманауи мүмкіндіктерін ескере

отырып, сарапшыға сұрақтар құру, ғылыми негізділігіне қарай сарапшының қорытындысын дұрыс бағалау үшін өте маңызды.

Жіктеу үшін жеке элементке негіздерді бөлмей-ақ, А.Р. Шляхов, оның пікірінше, сот сараптамасын түрлерге бөлудің басты белгісі болып табылатын тағы бір түрін көрсетеді: «Теңдестіру – криминалистикалық сараптаманың басты белгісі». Аайда әрі қарай ол криминалистикалық сараптаманың көмегімен сәйкестендіру міндеттері ғана шешілмеді деп жазады.

Біздің ойымызша, сот сараптамасын жіктеу үшін дербес негіздеме сараптамалық зерттеу міндеттері болып табылады. Осы белгі бойынша барлық сараптамалар екі үлкен топқа бөлінеді.

Сот сараптамасын нысаны, объектісі, әдістемесі, арнайы білім көзі және сараптамалық міндеттерді шешу деңгейі бойынша жіктеу үшін жоғарыда көрсетілген негіздерді арнайы немесе гносеологиялық деп атауға болады, себебі бұл белгілер жалпы сарапшы ие болатын арнайы білімнің мәнін құрайды.

Арнайы негіздерден басқа сот сараптамаларын жіктеу үшін процестік және ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздерді бөліп көрсетуге болады.

Қылмыстық процесте сот сараптамасы келесідей бөлінеді:

- зерттеудің реттілігі бойынша – бірінші және қайталама;

- зерттеу көлемі бойынша – негізгі және қосымша;

- сараптамалық зерттеуді орындайтын адамдардың санына қатысты – жеке және комиссиялық;

- пайдаланылатын білімнің сипатына қарай – бірыңғай және кешенді.

Сарапшының белгілі бір жұмыс түрін жүргізу кезінде адамдардың әрекеттерін анықтау ретіндегі нормативтік зерттеулер жүргізудің заңдылығы кейбір авторларда күмән тудырады.

Заңгерлік жағдайды шешу мақсатында объектіні өзгерту мүмкіндігі ретіндегі қайта жүргізілетін зерттеулер азаматтық процеске жатады:

- өткізу орны бойынша – сараптамалық мекемелерде және сараптамалық мекемелерден тыс жүргізілетін сараптамаларға;

- сараптамалық зерттеудің объектісі болып табылатын адамның орналасқан жері бойынша – амбулаторлық және стационарлық.

Алдын ала тергеу сатысында тағайындалған сараптаманың сотта қарау сатысында тағайындалған сараптамадан айтарлықтай айырмашылығы бар. Бұл айырмашылық осы сатыларда шешілетін міндеттердің ерекшелігімен, сондай-ақ осы сатыларда пайда болатын қылмыстық-процестік қатынастардың ерекшелігімен болжанады.

Сараптаманы негізгі және қосымша, алғашқы және қайталанған деп бөлу оларды тағайындаудың процестік тәртібіне және нақты сарапшыға тапсыруына қарай ғана емес, сондай-ақ қайталанған және қосымша сараптаманың қорытындысын бағалау ерекшеліктеріне, қайлама және қосымша сараптаманы тағайындау мен жүргізу тактикасы бойынша криминалистикалық ұсынымдарды әзірлеуге қарай маңызды болып табылады. Біз өз жұмысымызда қайталанатын және қосымша сараптаманың процестік жағына аса назар аударамыз.

Заңда сарапшыдан жауап алуды сарапшының қорытындысы айқын болмаған жағдайда алу керектігін көрсету қажет. Заң әдебиеттерінде сараптаманың айқын болмауы немесе жеткіліксіз айқын болуы әртүрлі түсіндіріледі. С.Ф.Бычкованың берген түсіндірмесі қызықты.

«Сарапшының қорытындысының жеткіліксіз айқын болуы сарапшының таңдаған зерттеу әдістемесінің, ол пайдаланған ғылыми-техникалық құралдардың, объектілерді зерделеу кезінде анықталған белгілердің мағынасы мен маңызын; анықталған белгілерді сарапшының бағалау критерийлерін түсіндіру қажеттілігін білдіреді»<sup>18</sup>. Алайда бұл әрекеттердің барлығы С.Ф. Бычкова сарапшыдан жауап алу мен қосымша сараптама тағайындауды ажыратудың негізгі критерийлері деп есептейтін сараптамалық зерттеулерді болжайды. Сондықтан қорытынды айқын болмаған жағдайда сарапшыдан жауап алу жеткілікті болады. Ал сарапшыдан жауап алу кезінде сарапшының қорытындысы толық, негізделмеген, дұрыс емес екендігі анықталған жағдайда ғана қосымша немесе қайта сараптама тағайындау туралы шешім қабылдау қажет.

Сарапшының қандай қорытындысы процессуалдық әдебиетте толық емес болып танылады? Ю.К. Орлов сарапшының қорытындысының айқын болмауы қосымша сараптама тағайындау үшін дербес негіздеме бола алмайды деп есептейді.

Егер сарапшы осы жағдай үшін әзірленген зерттеудің бар технологиясын пайдаланбағандықтан, немесе оған берілген материалдардың құрамындағы барлық мән-жайларды ескермегендіктен, қорытынды толық болмаған жағдайда аталған қорытындыны негізсіз деп тануға болады, бұл сараптаманы қайта тағайындау үшін негіз болады.

Міндеттердің көлемін азайтуда көрінетін толық еместік қосымша сараптама тағайындау үшін негіз болып табылады, себебі бұл жағдайда сарапшының ол шешкен мәселелер бөлігінде қорытындысы күмән тудырады. Егер толық еместік зерттеудің алға қойылған міндеттерін шешу үшін қажетті сипатына және көлеміне қатысты болса, қайта сараптама тағайындау талап етіледі.

Сараптама нысанын тарылту көбінесе келесідей себептерге байланысты: 1) сарапшының алдына қойылған мәселелер оның арнайы білімінің шегінен шығады; 2) ол ұсынған білім саласы жеке мәселелерді шешу үшін зерттеудің жеткілікті негізделген және сенімді әдістерін өңдеген жоқ; 3) сарапшының қарауына берілген материалдар қорытынды беру үшін жеткіліксіз.

С.Ф. Бычкова «сараптамалық зерттеудің айқын болмауын және толық еместігін жою қажеттілігінен басқа сарапшының қорытындысын алғаннан кейін алдыңғы зерттеумен байланысты қосымша мәселелерді шешу қажеттілігі туындаған кезде (сараптама тағайындау кезінде ескерілмеген жаңа нұсқаның пайда болуы; зерттеуді талап ететін жаңа объектілер анықталғанда) қосымша сараптама жүргізілуі мүмкін» деп көрсетеді. 1. Жаңа нұсқа пайда болған кезде сараптаманың нысаны айтарлықтай өзгереді, ал жаңа объектілер пайда болған кезде зерттеудің өзі, оның сипаты, әдістері айтарлықтай өзгереді, сондықтан бұл

пікірмен келісуге болмайды. Сондықтан осы жағдайларда, біздің ойымызша, қосымша емес жаңа сараптама тағайындау орынды.

Сараптамалық әдебиетте сотта қарау барысында алдын ала тергеу сатысында жүргізілген сараптаманың негізділігіне күмән туындаса, тағайындалған сараптама қайталанған болып табылады деген пікір кездесуде: «Қайталанған сараптамада, әсіресе, ол соттың ұйғарымы бойынша жүргізілсе, ал біріншісі алдын ала тергеу сатысында жүргізілген болса, айыпталушының жеке басын және оның құқық бұзушылық жасау кезіндегі жай-күйін сипаттайтын көптеген материалдар жиі болады».

Бұл ереже біз үшін күмәнді болып табылады, себебі сот тергеуі – бұл негізгі міндеті сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында алынған немесе сотта тікелей ұсынылған дәлелдемелерді зерттеу болып табылатын сотта қараудың дербес кезеңі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде алынған сарапшының қорытындысы да тексеріліп, бағаланады. Егер сарапшының қорытындыларын зерттеу барысында сот олардың толық еместігі, негізсіз, дұрыс еместігі туралы қорытынды жасаса, сотта қарау барысында тағайындалған сараптама сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жүргізілген сараптамаға қатысты қосымша немесе қайталанған емес, жаңа болып саналады, себебі сот тергеуі – бұл қылмыстық процестегі дәлелдеудің басқа процестік жағдайларында өзге субъектілер жүргізетін дәлелдемелерді тәуелсіз зерттеу. Алайда егер сарапшының қорытындысы толық емес болып танылса, жаңа сараптама сол сарапшыға тапсырылады, ал егер негізсіз және дұрыс емес болса, басқа сарапшыға немесе сарапшыларға тапсырылады.

Қандай сараптама - қосымша немесе жаңа сараптама тағайындалуы тиіс туралы мәселені шешу кезінде зерттеу қажет болған жағдайда арнайы білімнің негізінде қосымша сараптамаға сүйену қажет. Заң шығарушы қосымша сараптаманы қылмыстық-процестік құралдарды үнемдеу ережелеріне сүйене отырып, енгізді. Егер тергеуші мен соттың тарапынан бұрын жүргізілген зерттеудің нәтижесі күмән тудырмаса, бұл жағдайда қосымша сараптама тағайындау орынды. Егер жаңа сараптаманың өзіндік зерттеу нысаны, объектісі, міндеттері болса және алдыңғы зерттеудің нәтижесі пайдаланылмаса, бұл жағдайда жаңа, дербес, негізгі, алғашқы сараптама тағайындау орынды.

Сараптаманы қайта тағайындау үшін негіз сараптамалық қорытындының негізсіздігі немесе оның дұрыстығында күмән болуында. Егер сарапшының қорытындысы істің нақты мән-жайларына қайшы болса немесе сотта қарау кезінде сарапшының қорытындысына ықпал ете алатын жаңа деректер анықталса, сондай-ақ сараптаманы тағайындау немесе жүргізу кезінде қылмыстық-процестік заңнама айтарлықтай бұзылған жағдайда сот сараптаманы қайта тағайындай алады. Ю.К. Орлов жеткілікті дәлелдермен бекітілмеген сарапшының қорытындысы негізсіз деп есептейді. Тіпті сарапшының қорытындысы мәні бойынша дұрыс болса да. Сарапшы таңдаған зерттеу әдістемесінің дұрыстығында күмән туындаған, зерттеу көлемі жеткіліксіз болған, сондай-ақ қорытындылар зерттеу нәтижесінен шығарылмаған жағдайда сарапшының қорытындысы

негізсіз деп есептеледі. Иллюстрация ретінде сот-психиатриялық сараптамасын қайта тағайындауға әсер ететін факторларды келтіруге болады. Алғашқы сараптамада сыналатындардың есі дұрыс деп таныған жағдайда күмәндандудың негізі келесі факторлардың тобы, көбінесе олардың үйлесу қалпында, болып табылады:

1) қылмыс себептерінің айқын болмауы, шектен тыс қатыгездік, қылмысты жасыруға әрекет етпеу;

2) жауап алу немесе сот отырысында айыпталушының мінез-құлқының дұрыс болмауы, жасалған қылмысты қисынсыз түсіндіру, ретсіз сөз сөйлеу;

3) айыпталушыны жауаптылыққа тартуға дейінгі оның әдеттен тыс мінез-құлқы туралы куәлардың арызы;

4) сараптамалық зерттеудің өзінің ақаулықтары, олар бұл жағдайда қылмыстық істен алынған деректерді бір жақты іріктеуде көрінеді, психикалық амандық туралы деректер келтірілгенде және психикалық денсаулығында (мысалы, есалаң адамдардың мінез-құлқындағы астарлық, боямалылық) күмән тудыруы мүмкін фактілер атап өтілмегенде және көрсетілмегенде көрінеді.

Алғашқы сараптама есі дұрыстығы туралы қорытынды берген кезде сараптаманы қайта тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың пайдакүнемдік себептерінің бар-жоғы, қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру, қылмыстық құқық бұзушылықты өзге де адамдармен бірлесіп жасау, күдіктінің сырттай тәртіпті мінез-құлқының бар-жоғы, оның айналасындағыларға формалды бағыты, бұрынғы деректердің сақталуы және т.б. сияқты деректер күмән тудыруға себеп болады<sup>19</sup>.

Сондай-ақ әдебиетте сараптаманы қайта тағайындаудың келесідей негіздері көрсетіледі:

1) сарапшы қорытындысының дұрыстығы ол істің басқа материалдарына қайшы болуымен күмән тудырады;

2) сарапшының қорытындысы ғылыми негізделмеген болып табылады;

3) сараптаманы дайындау және жүргізуді реттейтін процестік нормалардың бұзылуының салдарынан сарапшы қорытындысының дұрыстығында күмән туындайды.

Сарапшы қорытындысының негізсіз және дұрыс емес ұғымы, бір-біріне жанасқаны сөзсіз, алайда олардың мағыналық жүктемесі әртүрлі. Өзінің ғылыми негізсіз болуына қарай, тұжырымдары әлсіз дәлелденуіне қарай немесе сараптаманы тағайындау мен жүргізу кезінде қылмыстық-процестік заңның бұзылуына қарай күмән тудыратын сарапшының қорытындысы негізсіз болып есептеледі. Жеткілікті дәлелденген, ғылыми негізделген, бірақ іс бойынша басқа дәлелдемелерге қайшы келетін сарапшының қорытындысын дұрыс емес деп есептеуге болады. Бұл жағдайда сараптаманы қайта тағайындау іс бойынша дәлелдемелердің арасындағы қайшылықтарды жою құралы бола алады.

Процестік әдебиетте егер алғашқы сараптама істің басқа материалдарына қайшы келсе, немесе сот сарапшының қорытындысын негізсіз деп таныса, сараптаманы қайта тағайындау соттың құқығы ма немесе міндеті ме деген мәселе ұзақ уақыт пікір-талас тудырды.

Осы мәселені шешу кезінде қылмыстық іс бойынша дәлелдеуді жүзеге асыратын субъектілердің процестік мәртебесінің ерекшеліктеріне сүйену қажет. Біз сотқа қылмыстық процестегі жариялылық принципіне және істің мән-жайларын зерттеудің жан-жақтылығы, толықтығы, объективтілігі принципіне қарай істің мән-жайларын дәлелдеу міндетін жүктеу позициясында тұрмыз. Қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асыратын субъектілерің процестік мәртебесінің ерекшелігі олардың процестік мәртебесінің құрамында құқық пен міндетті бөлу өте күрделі болуында. Алдын ала тергеуге қатысушыларға қатысты құқық мемлекетке қатысты міндеттер де болып табылады. Яғни сараптаманың негізсіздігіне және дұрыстығына күмән болуына байланысты сараптаманы қайта тағайындау құқығы мемлекетке қатысты екі жағдайда тергеушінің және соттың міндеті болып табылады: 1) егер басқа жолдармен іс бойынша дәлелдемелердегі қайшылықты жоюға болмаса; 2) егер заң осы мән-жайларды анықтау үшін сараптаманы міндетті түрде тағайындау мен жүргізуді талап етсе.

Сараптаманы қайта тағайындаудың оны алғаш рет тағайындау мен жүргізу кезінде жіберілген қылмыстық-процестік заңның айтарлықтай бұзылуы сияқты негізіне аса назар аудару қажет. Сараптамаға қатысты ұқсастығы бойынша сарапшының қорытындысын дұрыс емес деп тануға әкеп соқтыратын қылмыстық-процестік заңның айтарлықтай бұзылуының жалпы ұғымын қалыптастыруға болады. Сарапшының қорытындысын негізсіз деп тануға және сараптаманы қайта тағайындауға әкеп соқтыратын қылмыстық-процестік заңды айтарлықтай бұзу сараптаманы тағайындау және жүргізу кезінде процеске қатысушылардың кепілдік берілген заңды құқықтары мен мүдделерінен айыру немесе оларға қысым көрсету жолымен сарапшыға материалды жан-жақты қарастыруға, зерттеу жүргізуге және дәлелді, дұрыс, объективті қорытынды шығаруға, ал процеске қатысушыларға өздерінің құқықтарын іске асыруға кедергі келтірген ҚПК баптарының талаптарын бұзу деп есептеледі.

Сарапшы қорытындысының негіздемесін арнайы және процестік негіз деп түсіну қажет. Сарапшы қорытындысының арнайы негіздемесін ғылыми негіздеме деп түсіну керек. Сарапшының ғылыми негізделген қорытындысы ұғымына: 1) сарапшының алдына қойылған міндеттерін дұрыс түсінуі; 2) сараптамалық зерттеудің қолданылатын әдістері мен әдістемелерінің дұрыс болуы, өңделгені, апробацияланғаны; 3) сарапшы объектілерді зерттеу барысында анықтаған белгілерді дұрыс бағалау; 4) сарапшының біліктілігі мен құзыреттілігі; 6) нақты есептердің дұрыс болуы; 7) сараптамалық зерттеудің айқындылығы; 8) сараптамаға жіберілген материалдың сапалылығы жатады. Процестік негіздемені сараптаманы дайындау, тағайындау және жүргізу кезінде барлық процестік нормалардың сақталуы деп түсіну қажет. Сарапшы қорытындысының іске жататына сараптаманы тағайындау мен жүргізудің процестік тәртібінен басқа заттай дәлелдемелерді – сараптамалық зерттеу объектілерін жинаудың процестік тәртібін сақтау ықпал етеді. Біз сондай-ақ процестік негіздемеге қылмыстық-процестік дәлелдеудің барлық қатысушылары үшін сарапшы тұжырымдамаларының талабын қосамыз<sup>20</sup>.

Яғни қайта тағайындалған сараптама өзінің мағынасы бойынша алғашқы сараптамадағы объектілерге қатысты тағайындалатын және дәл сондай нысанға ие, сарапшының қорытындысының ғылыми негізділігіне күмән болған жағдайда, қорытындының іс бойынша басқа дәлелдемелерге сәйкес болмаған жағдайда тағайындалатын сараптама болып табылады.

Сарапшының алғашқы сараптаманың қорытындысын бағалау құқығын ерекше қарастыру қажет. Әдебиеттерде сараптаманы қайта жүргізу кезінде сарапшының алғашқы қорытындысын бағалау мүмкіндігі туралы мәселе қарастырылды. Бұл ретте, Т.В. Сахнова сарапшының қорытындысын (алғашқы әрі қайталанған) соңғы процестік тұрғыда тергеуші мен сот бағалайтынын дұрыс атап өтіп, сараптаманы қайта тағайындау кезінде сарапшыға алғашқы қорытындыны бағалауға қатысты сұрақ қоюға болмайды деген қорытындыға келді.

Бұл мәселеден қайта тағайындалған сараптама сарапшының алғашқы қорытындысын тексеру үшін ғана тағайындала алады ма деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа оң жауап құқықтың нормаларының ережелерінен туындайды. Тергеушінің және соттың сарапшының алғашқы қорытындысының дұрыстығында немесе негізделуінде күмән болған жағдайда сараптама қайта тағайындалады. Ал бұл күмән сарапшының қорытындысы іс бойынша басқа дәлелдемелерге сәйкес болмағанда, сараптаманы дайындау, тағайындау және жүргізу кезінде қылмыстық-процестік заң айтарлықтай бұзылғанда пайда болады. Немесе сарапшы қорытындысының ғылыми негізделуі күмән тудырады. Бұл ретте тергеуші мен сот дәлелдеу субъектісі және сараптамалық бағалау ретінде жүзеге асыратын процестік бағалауды ажырата білу қажет. Біздің ойымызша, процестік және сараптамалық бағалауды ажыратудың негізгі критерийі тергеушінің, соттың және сарапшының бағалау қызметінің мақсаты болып табылады. Тергеуші мен соттың бағалау қызметінің мақсаты – бұл дұрыс, негізді процестік шешім қабылдау. Сарапшының бағалау қызметінің мақсаты – арнайы білімнің негізінде шынайы, объективті, дұрыс қорытынды беру. Сонымен қоса сарапшы дәлелдемелерді де бағалауға мәжбүр, мысалы, олардың негізінде алғашқы деректер қалыптасқан куәлардың айғақтары, мысалы, автотехникалық сараптама үшін. Алайда ол куәнің айғақтарын дұрыстығына, қатыстылығына қарай емес, оның алдына қойылған мәселерге жауап алу үшін қажетті арнайы білім ретінде бағалайды.

Осылайша заңда келесідей нормаларды қарастыруға болады:

Сарапшының қорытындысы толық болмаған жағдайда, егер сарапшыдан алынған жауап қорытындыдағы кемшіліктердің орнын толтырмаса, қосымша сараптама тағайындалады. Сарапшының қорытындысы айқын болмаған жағдайда сарапшы жасаған тұжырымдар мен зерттеулерді нақтылау және түсіндіру мақсатында сарапшыдан жауап алынады.

Қосымша сараптама сол сарапшыға және басқа да сарапшыға да тапсырылуы мүмкін.

Сарапшы қорытындысының ғылыми негізділінде күмән туындаған жағдайда, қорытынды іс бойынша басқа дәлелдемелерге қайшы болған жағдайда немесе сарапшының қорытындысының дұрыстығына, объективтілігіне, шынайылығына ықпал еткен немесе ықпал ете алатын қылмыстық-процестік құқықтың нормаларын айтарлықтай бұзу, немесе процеске қатысушылардың құқықтарын шектеу арқылы қорытындының іске асуына ықпал еткен бұзушылықтар болған жағдайда сол объектілерді зерттеу, сол мәселелерді шешу үшін сараптама қайта тағайындалады.

Сараптама қайта тағайындалған кезде сарапшылардың қарауына алғашқы қорытынды жіберіледі.

Қайталама сараптама сарапшылар комиссиясына тапсырылуы тиіс. Қажет болған жағдайда комиссияның жұмысына алғашқы сараптаманы жүргізген сарапшы (сарапшылар) тартылуы мүмкін.

Әдебиеттерде комиссиялық және кешенді сараптама аса қызығушылық танытуда және пікір-талас тудыруда.

Әдебиеттерде кешенді сараптамамен салыстырғанда комиссиялық сараптаманың анықтамасында үлкен қайшылықтар жоқ. Пікір-талас негізінен сарапшылардың тұжырымдамасының нысандарына қатысты.

Ғалым-криминалистер мен процессуалистер кешенді сараптама ұғымын 50-жылдардың соғынан бастап әзірлеуде. Әртүрлі ғалымдардың сараптаманың ұғымы және белгілері туралы пікірлері бір жерден шықпайды. Кейбір ғалымдар кешенді сараптаманың құбылыс ретінде бар болу мүмкіндігін жоққа шығарады, ал кейбіреулері сараптаманың осы түрін заң жүзінде реттеу керек деп есептейді.

Ғалымдардың көбісі кешенді сараптамаларды тағайындау, жүргізу және заң жүзінде реттеу проблемасында бірнеше аспектілерді ажыратады. Мысалы, И.А. Кудрявцев процестік, әдістемелік, ұйымдастырушылық және гносеологиялық жақтарды бөліп көрсетеді. Сонымен қоса ол кешенді сараптаманың процестік белгісін «сот сараптамасының әртүрлі түрлерін, топтарын, жіктелімдерін білдіретін сараптаманы кәсіби дайындаудың негізін құрайтын арнайы білімді пайдалану» деп түсінеді<sup>21</sup>. Бұл кешенді сараптаманың процестік емес, арнайы, гносеологиялық аспектісі болып табылады. Әдебиеттерде кешенді сараптаманың әртүрлі белгілері бөліп көрсетіледі, авторлардың көбісінің пікірі бойынша, олардың ішінде сараптаманы жүргізу барысында арнайы білімнің әртүрлі салаларын пайдалану бастысы болып табылады, алайда зерттеу негізінде зерттеудің бір объектісі, нысаны мен әдісінің тұтастығы болуы қажет.

Ғалымдардың пікірлерінің әртүрлі болуы негізінен кешенді сараптама барысында бірігетін білімнің жақындық дәрежесіне қатысты.

Әдебиеттерде бір сараптама аясында кешенді сараптаманы, сараптама кешенін және кешенді зерттеуді ажырату қажет екендігі дұрыс көрсетілген. Сараптамалар кешені – бұл ретімен тағайындалатын сараптамалық зерттеулер. А.Р. Шляхов «тергеушінің жедел-тактикалық позициясынан мұндай зерттеулер бірқатар мәселелерді шешумен қатар кешенді болып табылады. Алайда зерттеуді



әртүрлі мамандар қатар жүргізуі кешенді сараптаманың айқындайтын элементі болып табылмайды» деп атап өтті<sup>22</sup>.

Арнайы білімнің әртүрлі салаларын падалану кезіндегі зерттеудің бірыңғай нысаны мен мақсаттары – бұл кешенді сараптаманың сараптамалар кешенінен негізгі айырмашылығы. Бір сараптама аясындағы кешенді зерттеу арнайы білімнің бір саласының аясында қойылған мәселелерді шешу үшін әртүрлі әдістерді пайдаланумен сипатталады. Мысалы, жазуды танып айыру сараптамасы физиологияның, лингвистиканың, педагогиканың, математиканың әдістері мен құралдарын пайдалану негізінде құрылады.

Қазіргі кезде барлық сараптамалар дерлік әртүрлі әдістер мен әдістемелер кешеніне негізделіп жүргізіледі. Бұл ретте, бұл әдістер мен әдістемелер сараптаманың бір түрі немесе тобы аясында әзірленеді.

Кешенді сараптама, біздің ойымызша, жекеше әрі комиссиялық бола алады. Біздің пікірімізше, адам өлімінің себептерін анықтау бойынша сараптама үнемі кешенді болып табылады, себебі сараптаманы жүргізуге мамандар қатысады: сот медиктері, биологтар, гистологтар, физик-техниктер, сот-медициналық сараптамасы бюросының криминалистік бөлімдерінің криминалист-сарапшылары. Адам сүйегінің белгілі бір адамға тиесілігін анықтау бойынша сараптама кешенді болып табылады. Сараптаманы жүргізуге қатысатын мамандардың санына қарай зерттеу жекеше және комиссиялық бөліп бөлінеді, арнайы білімнің тартылатын салаларына қарай бір сараптама және кешенді сараптама болып бөлінеді.

Сараптамалық және заң әдебиеттерінде сараптаманы жүргізушінің процесуалдық жағдайын және сараптамалық мекеме басшысының кешенді сараптама жүргізу туралы шешімді өз бетінше қабылдау құқығын анықтау қажеттілігіне қатысты пікірлер айтылуда.

Мысалы, «сараптамалық мекеменің басшысы ұсынылған материалдар бойынша кешенді сараптама жүргізу туралы шешімді өз бетінше қабылдап, оны жүргізуді ұйымдастыруға құқылы» деген пікір айтылуда. Бұл пікір дұрыс емес, себебі бұл жағдайда сараптамалық мекеменің басшысына сараптаманың нысанын анықтау құқығы беріледі, яғни ол дәлелдемелерді жинайтын субъектіге айналады, алайда бұған жол берілмейді. Алайда тергеуші мен судья арнайы білімнің әрбір саласындағы сарапшылар құзыретінің шектерін дұрыс біле қоймайтынын атап өту қажет. Сондықтан оларға қандай да бір мәселе бойынша қандай сараптама – бір немесе кешенді сараптама қажет екендігі туралы мәселені шешу қиынға соғады. Бұл мәселені шешу кезінде сараптамалық мекеменің басшысына арнайы білімнің әртүрлі саласындағы бірнеше маманды тартумен кешенді сараптамалық зерттеуді талап ететін мәселелер қалыптасатын бір сараптаманы жүргізу туралы қаулы келіп түскен жағдайда сараптамалық мекеменің басшысы бұл туралы сараптаманы тағайындаған органға хабарлауы тиіс. Анықтау органы, тергеуші, прокурор немесе сот (судья) қана кез келген, оның ішінде кешенді сараптаманы да тағайындау туралы шешім қабылдай алады.

Сараптама жекеше немесе комиссиялық жүргізілуі мүмкін.

Комиссиялық сараптама күрделі жағдайда, атап айтсақ сараптаманың көмегімен анықталатын ерекше мәніне, жасалған әрекеттің ауырлығына, қылмыстық істің өзінің ерекше қоғамдық мәнімен байланысты жағдайда тағайындалады. Қайталама сараптамалар да комиссиялық түрде жүргізіледі.

Комиссиялық сараптама – бұл арнайы білімнің бір саласының бірнеше сарапшылары жүргізетін зерттеу (сараптаманың ір тобы немесе түрі аясындағы).

Сарапшылар зерттеуді бірігіп жүргізіп, өз араларында ақылдасып, бір ортақ ойға келіп, қорытынды жасап, қол қояды. Сарапшылар арасында келіспеушілік болған жағдайда олардың әрқайсысы басқа сарапшылардың пікірлерімен келіспеу себептерін міндетті түрде көрсете отырып, өзінің қорытындысын жасап қол қояды.

Анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың (судьяның) талабы сараптамалық мекеменің басшысы үшін міндетті. Егер сараптамалық мекеменің басшысына осы органдардан жекеше сараптама тағайындау туралы қаулы (ұйғарым) келіп түссе, жағдайдың күрделілігіне қарай сараптаманы комиссиялық өткізу керек деген қорытынды жасаса, ол сараптаманы тағайындаған адамның келісімімен комиссиялық сараптама жүргізуді ұйымдастыруға құқылы.

Сараптамалық зерттеулерді толық немесе сарапшылар комиссиясының құрамына қосылмаған адамдардың жеке жүргізуіне жол берілмейді.

Сараптаманы сараптамалық немесе сараптамалық мекемеден тыс тағайындау процестік тәртіп бойынша ажыратылады.

Сараптаманы амбулаторлық және стационарлық деп бөлу зерттеу объектісі адам болып табылатын сараптаманың түрлеріне жатады: тірі адамның сот-психологиялық, сот-психиатриялық және сот-медициналық сараптамасы.

Стационарлық сот-психиатриялық, сот-психологиялық және сот-медицина сараптамасы өзінің құқықтық мәні бойынша маңызды болып табылатын істің мән-жайларын анықтау құралы болып қана қоймай, ең алдымен, тергеуші мен сот алдында осы адамның есі дұрыстығы туралы мәселе болғандықтан, белгіленген тәртіпте әлі кінәлі болып танылмаған, танылмауы мүмкін адамды бас бостандығынан айыруға мәжбүрлеу шарасы ретінде сипатталады.

Сарапшы ғана сотқа қандай сараптама – амбулаторлық немесе стационарлық сараптама арқылы сотты қызықтыратын мән-жайды белгілеуге болатынын көрсете алатыны күмән тудырмайды.

Алайда стационарлық сараптаманы тағайындау туралы шешімді процестің барлық кезеңдерінде және барлық қатысушыларға қатысты сот қана қабылдайды. Егер сот-психиатриялық, психологиялық немесе сот-медициналық сараптаманы куәға және жәбірленушіге қатысты тағайындалса, оны осы адамдардың рұқсатымен ғана жүргізуге болады.

### ***1.3 Сот сараптамасын жүргізуді әдіснамалық қамтамасыз ету***

Сот сараптамасының әдіснамалық негізі оның негізін қалаушы принциптер болып табылады.

Қылмыстық процестің принциптері олардың процестік табиғатын анықтауға мүмкіндік беретін жеке құқықтық нормалар үшін маңызды интеграциялық директивтер қалыптастырады, ал күмәнді жағдайларда оларды түсіндіру бағытын көрсетеді. Әртүрлі субъектілер жасайтын жеке, әртүрлі әрекеттерінің көпшілігінен құралатын қылмыстық процесс ерекшелігін ескере отырып, олардың жалпы принциптер жүйесіне бағынуы қылмыстық материалдық құқықтағы бар мәнге қарағанда аса маңызды мәнге ие. Қылмыстық құқықта біз азды көпті бірдей дәрежеде қылмыстардың барлық топтары мен түрлеріне жататын жалпы бөлім нормаларының белгілі бір санымен, жалпы әрбір бөлігі өз бетімен автономдық тұтастықты құрайтын қылмыстардың белгілі бір тобын қамтитын ерекше бөліммен жұмыс істейміз. Қылмыстық процестік құқықта жалпы бөлімнің нормалары көп жоспарлы, ал олардың ерекше нормалармен байланысы әртүрлі жүзеге асады. Сонымен қатар процестік әрекеттерді жасау тәсілі қатаң қамтамасыз етілген.

Басқаша айтқанда, жалпы процестік принциптер жеке қылмыстық-процестік институттарға, оның ішінде қылмыстық процестегі сот сараптамасының институтына ықпал етеді.

С.С. Алексеев салалық (институционалдық) режимді қалыптастыратын барлық құқықтық құралдар бірыңғай реттеуші бастамамен бірігеді деп көрсетуі әділетті<sup>23</sup>. Мұндай реттеуші бастамалар қылмыстық-процестік құқық институты ретінде сот сараптамасының принциптері болып табылады. Дәл солай, құқықтың жалпы принциптері ретінде қылмыстық-процестік құқықта ерекше сараптаманы тағайындау және жүргізу процесінде қылмыстық-процестік құқық жұмыс істейді.

Сараптама институтының принциптері ретінде келесілерді атап өтуге болады:

1. Сараптаманы тағайындау және жүргізу кезінде жеке адамның құқықтарын қамтамасыз ету. Осы принциптің мазмұнын ашу кезінде біз Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарының тізімі толық емес деген позицияны ұстанамыз. Әрқайсысына аталған тізімге енгізілмеген негізгі құқыққа жүгінуге мүмкіндік, ал сот үшін – осы құқықтың сақталуын тексеру мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Қылмыстық процесте сараптаманы тағайындау және жүргізу кезінде азаматтардың келесідей құқықтары мен бостандықтарының бұзылу қаупі болады: жеке адамның ар-намысына құқығы; жеке адамның бостандығы мен дербес құқықтылығы; жеке өмірі мен жеке ар-намысына қол сұғылмаушылық құқығы; ақпаратты беру құпиялығына құқығы; жеке өмірі туралы ақпаратты күзету құқығы; жеке меншік құқығы; денсаулығын сақтау құқығы. Сондай-ақ құқықтың бұзылу қаупі қылмыстық-процестік заңнамамен белгіленген айыпталушыны қорғалуға құқығы, жәбірленушінің сот төрелігіне қол жетімділігі мен келтірілген зиянның өтелуіне құқығы сияқты құқық тартылуы мүмкін. Әрине, адам мен азаматтың барлық осы құқықтары мен бостандықтарын, сонымен бірге олардан шығатын құқық пен бостандықтарды жүзеге асыру кепілдігі сараптама жүргізу кезінде қылмыстық-процестік заңнаманың нормаларымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттеріне қол жеткізу үшін қажетті істің нақты мән-жайларын анықтау мақсатында осы құқықты кеміту немесе шектеу заңмен ескертіліп, белгіленуі тиіс. Қазіргі жағдайда қылмыстық-процестік заңнамада және өзге де заңнамада осы құқықтардың кепілдігі ішінара ғана іске асырылғаны туралы айтуға болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы жеке адамның абыройына құқықты, оны кемітуге тыйым салуды және азаптауға, күш көрсетуге, басқа да қатыгездік қарым-қатынас пен жазалауға тыйым салуды қарастырады. Өз еркімен келісім бермейінше ешкім медициналық, ғылыми немесе басқа да тәжірибелерге тартыла алмайды. Кез келген адам оның адамгершілігін қорғау құқығына ие. Кез келген жеке адамның өзін құрметтеуге талап ету құқығы қорғалуға жатады. Бұл құқық адамды мемлекеттің ықпалындағы объектіге айналдыруға және оның жеке басының қасиеттеріне күмән тудыратындай қарым-қатынасқа тартуға тыйым салады. Адамның адамгершілігі – бұл белгілі бір адам өзінің нақты жеке қасиеттерінің негізінде көрсете алатын адамгершілік емес, бұл жеке адамға оның жетістіктерін, мәртебесін және ерекшеліктерін ескерусіз көрінетін қасиет. Тіпті өздерінің дене және психикалық жағдайына байланысты әлеуметтік саналы мінез-құлыққа қабілеті жоқ адамдар да әлеуметтік құрмет білдіруді талап ету құқығына ие.

Бұл құқық олардың «лайықсыз мінез-құлқының» нәтижесінде тоқтатылмайды 1. Сондай-ақ абырой – бұл нысаны бойынша объективті, ал мазмұны бойынша субъективті санат, себебі адам абыройына қандай да бір әрекеттермен шектеу қойылғанын сезген кезде ғана абыройын қорғау үшін жүгінеді. Басқаша айтқанда, егер жеке адам зерттеу объектісі адам болатын сот-психиатриялық, сот-психологиялық, сот-медициналық сараптаманы тағайындау және жүргізу кезінде оны жүргізуге келісім берсе, бұл жағдайда оның абыройына қол сұғушылық болған жоқ деп ұйғарылады.

Зерттеу объектісі адамның денесі немесе психикасы болып табылатын сараптамалардың осындай түрлерін жүргізу үшін адамның процестік жағдайына байланысты жеке адамның құқықтарын қамтамасыз етудің әртүрлі кепілдіктерін қарастыру қажет. Егер күдікті немесе айыпталушы сараптамалық зерттеуге тартылудан бас тартса, бұл зерттеудің қажеттілігі туралы шешімді сот билігінің органы ретінде сот қабылдауы тиіс. Күдікті немесе айыпталушы: оның абыройын сотта кеміту ретінде сараптаманы жүргізу процесінде сарапшының әрекетіне шағымдануға; оның пікірі бойынша, оның абыройы мен ар-намысын кемітетін айыпталушыға, жәбірленушіге қатысты сараптама жүргізу туралы соттың шешіміне жоғарғы сотқа шағымдануға құқылы.

Куәға және жәбірленушіге қатысты сараптамалық зерттеу жүргізу кезінде оның міндетті шарты куә мен жәбірленушінің келісімі болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабы қарастырады: «Әрбір адам жеке басына қол сұқпаушылыққа, жеке және отбасылық құпияға, өзінің ар-намысы мен абыройын қорғауға құқылы». Адамның дербес құқықтылығына қол сұғу жеке адамның абыройына қол сұғумен жиі байланысты болады. Сонықтан

біз сараптаманы тағайындау және жүргізу процесінде жеке адамның абыройын кемсітумен байланысты емес қол сұғушылықтарды қарастырамыз. Адамның дербес құқықтылығына қол сұғушылық адам денесінің кез келген бөлігіне кез келген әсер ету, тіпті оларға әсер ету адамның жалпы денсаулығына әсер етпесе де, деп есептеу қажет.

Сонымен қатар денеге қол сұғылмаушылық жанама ықпал ету де болып табылады, мысалы денені сәулелендіру немесе рентген сәулесіне түсіру. Конституцияның 18-бабына сәйкес жеке адамның бостандығына құқық жылжу бостандығына құқығын білдіреді. Бұл құқықты кеміту екі жағдайда орын алады: бостандықты шектеу жағайында және бас бостандығынан айыру жағдайында. Бостандықты шектеу адамның қандай да бір жерде, мысалы жауап алу, қарау кезінде мәжбүрлеп ұстау немесе міндетті түрде уақытша болуын талап ету дегенді білдіреді. Бостандықтың шектелуіне адамның белгілі бір органға (белгілі бір уақытта жауап алуға шақырту) келу міндеті жатады. Жеке адамның бостандығын шектеу егер ол заңға негізделсе немесе заңды қоғамдық мүддеге сәйкес болса, ақталады. Бас бостандығынан айыру адамды оның еркіне қарсы белгілі бір жерде ұзақ уақыт бойы ұстауды ұйғарады. Адам құқықтары жөніндегі еуропалық конвенцияда заңды бас бостандығынан айырудың белгілі бір алғышарттары қарастырылған, олар мыналардан тұрады: 1) сот үкімімен салынған санкцияның орындалуы; 2) процестік міндетті орындаудан бас тартқан адамды қамауға алу; 3) алдын ала қамауға алу; 4) кәмелетке толмағандарды күзетпен ұстап алу; 5) қоғамға қауіп төндіретін адамдарды қамауға алу; 6) жер аудару немесе ұстап беру мақсатында бас бостандығынан айыру. Сот сараптамасы институтына қатысты егер адам стационарлық сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптамаға тартылатын жағдайда заңда сот шешімін алу міндеттемесін қарастыру қажет. Бұл ретте сот шешімінің нысанына дәл стационарлық сараптаманы өткізу кіруі тиіс.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабының 1-бөліміне сәйкес «Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар». Сараптаманы жүргізу барысында саапшыға азаматтардың жеке өмірінің құпиясынан, жеке басының және отбасының құпиясынан тұратын мәліметтер белгілі болуына байланысты сарапшыға жариялауға болатын мәліметтердің шегін қарастыру қажет. Осы мәселенің күрделілігі кеңес одағы кезінде жеке өмір, жеке басының және отбасының құпиясы деген ұғымдар болмауында. Сондықтан тіпті азаматтық құқық теориясында да жеке адамның жеке өмірінің шектеулері анықталмаған. Қорғауға әрекеттердің белгілі бір түрлері емес, жеке өмірден тұратын және өзге де адамдардың мүдделерін қозғамайтын кез келген мән-жайлар мен әрекеттер жататыны сөзсіз.

Әдебиеттерде жеке өмірдің шектерін анықтау кезінде жеке өмір – бұл адамның тыныштықта қалу құқығы екендігіне сүйену қажет деген пікірлер айтылуда. Қылмыстық сот ісін жүргізу саласында азаматтардың жеке өмірінің құпиясын жариялаудан қорғаудың бірқатар шектері қарастырылған. Азамат-

тардың жеке, отбасылық, жеке өмірінің құпиясынан тұратын мәліметтер қылмыстық сот ісін жүргізу саласында пайдалануы мүмкін, себебі заң шығарушы көпшілікке (мемлекеттік және қоғамдық мүддеге) сүйенеді. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес егер бұл үшін конституциялық негіз болса және оларға қол жеткізудің мақсаты мен құралдарының сай келуінің принципі бұзылмаса, қылмыстарды ашу мақсатында азаматтардың жеке өміріне қол сұғушылыққа жол беріледі. Азаматтардың жеке өмірінің құпиясына жеке және отбасылық құпия кіреді, ал бұл ұғымдардың біреуі де заңнамада ғана емес, заң әдебиеттерінде де анықталмаған, оларды айқындауда айтарлықтай қайшылықтар бар.

Жеке, отбасылық, жеке бас құпиясының ұғымы Қазақстан Республикасының ҚПК қарастырылмаған. Алайда сот отырысының жабық болуының негіздерін анықтау кезінде Қазақстан Республикасының ҚПК іске қатысатын адамдардың жеке өмірінің жақтары туралы айтылады.

Азааттардың жеке, отбасылық, жеке өмірі туралы мәліметтердің барлығы қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін орындау, қоғамдық мүддені қанағаттандыру үшін қажет пе деген мәселе туындайды. Себебі жеке өмір басқа адамдардың, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қозғамайтын жеке болып табылады.

Жеке, жеке басының, отбасылық құпияға қол сұғушылық құқығын шектеу ол қылмыстарды ашуға және кінәлі адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тартуға бағытталған кезде ғана орын ала алады. Жеке, отбасылық немесе жеке бас сипатына ие мәліметтер қылмыстық іс бойынша міндетті түрде дәлелдеуге жататын мән-жайларды растау немесе жоққа шығару үшін дәлелдеме ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ олар басты фактілердің мәнжайларының қатарына (қылмыс құрамының конструктивті белгілері) кіре алады, дәлелдеу (аралық) фактілері ретінде немесе тергеудің бағытын, ақпарат көзін анықтайтын бағыт беретін ақпарат бола алады.

Тергеудің бастапқы кезеңінде дәлелдеу ақпаратының тапшылығына байланысты іс бойынша қандай да бір ақпарат қандай мәнге ие болатыны әр уақытта анық бола бермейді. Қылмыстарды ашу мақсатында жеке, отбасылық, жеке бас сипатындағы ақпаратты жинауға іс бойынша оның мәні анықталмаған кезде қаншалықты жол беріледі? Іс бойынша жиналған ақпарат іске қатысы болмағандықтан, дәлелдеу ақпараты ретінде дәлелдеу процесінде әрқашан пайдаланбайтыны құпия емес. Сараптама жүргізу процесінде жеке, отбасылық, жеке бас сипатындағы мәліметтер алдын ала тергеу құпиясының құрамдас бөлігіне айналуы тиіс. Егер сараптама сотта қарау кезеңінде жүргізілсе, онда сарапшының азаматтардың жеке өміріне қол сұғылмаушылығына құқығын қозғауы мүмкін мәліметтерді хабарлауы жабық сот отырысы үшін негіз бола алады<sup>24</sup>.

Сараптаманы жүргізуге адамның келісімін алу қажеттілігінің адамның денесі немесе психикасы объектісі болатын қосымша дәлелі ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясының денсаулықты күзету құқығын қарастыратын 29-бабы болып табылады. Осы баптан адамның денесі мен психикасына қол

сұғылмаушылық талабы шығады, аталған талапқа сәйкес бірде бір дәрігер науқастың еркіне қайшы адамның ағзасына қол сұға алмайды. Біздің ойымызша, айыпталушының, жәбірленушінің ағзасына қол сұғушылық қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін орындау қажеттілігімен ақтала алатыны сөзсіз. Алайда осы қол сұғушылықтың айыпталушыға, жәбірленушіге қатысты сараптама жүргізу қажеттілігі туралы сот шешімінің міндетті болуы түріндегі заңдылықтың белгілі бір кепілдіктерін қарастыру қажет, мұнда оның денесі мен психикасы зерттеу объектісі болып табылады.

Қылмыстық-процестік заңнамада норманы қарастыру қажет, аталған нормаға сәйкес куә мен жәбірленушіге қатысты олардың қылмыстық-процестік іс-әрекетке қабілеттілігін анықтау үшін сараптама олардың келісімімен ғана тағайындалады.

Айыпталушының (жәбірленушінің) денесі мен психикасы зерттеу объектісі болатын сараптама айыпталушының (жәбірленушінің) келісімімен немесе соттың шешімімен ғана тағайындала алады. Сот сараптаманы тағайындау және жүргізу қажеттілігі туралы мәселені шешу кезінде іс үшін айтарлықтай мәнге ие мән-жайларды анықтау үшін қандай сараптама – стационарлық немесе амбулаторлық сараптама тағайындала алатынын анықтауы тиіс.

Сот сараптамасының жариялылығы. Қылмыстық процестің принципі ретінде жариялылық қоғамды және азаматтарды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау құқық қорғау орандарының атынан мемлекеттің міндеті екендігін білдіреді. Сот сараптамасына қатысты қылмыстық процесте жариялылық, біздің ойымызша, қылмыстық істер бойынша сараптаманы мемлекеттік сараптама мекемелері ғана немесе қызметі лицензияланған сарапшылар ғана жүргізе алуымен көрінеді. Сондай-ақ жариялылық сараптаманы тағайындау мен жүргізуде айқындайтын рөл дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау құқығы берілген органдарға ғана жататынын білдіреді. Басқаша айтқанда, тергеуші, прокурор, анықтау органы, сот (судья) сараптаманы тағайынау кезінде оны жүргізу үшін тиісті жағдайлар қамтамасыз етуге міндетті: процестік ағдайлар (сараптама тағайындау туралы қаулы шығару, сарапшыны (сараптама мекемесін) таңдауды жүзеге асыру); гносеологиялық жағдайлар (сараптама нысанын, зерттеу үшін сарапшыға қажетті материалдар көлемін анықтау). Сот сараптамасының жариялылығы дәлелдемелер көзі ретінде сарапшының қорытындысы болып заңда қарастырылған процестік нысандағы арнайы білім негізінде жүргізілген зерттеудің нәтижесі баяндалатын жазбаша құжат танылуын білдіреді.

Сарапшы қорытындысының қол жетімділігі. Бұл принцип соттың іс бойынша қаулыны дәлелдемелермен негіздеу міндетімен алдын ала анықталды. Соттың бұл міндеті сарапшының қорытындысына да қатысты. Сарапшының ғылыми негізделген қорытындысын бағалау тудыратын қиындықтарға қарамастан, сот, тергеуші сарапшының қорытындысын қатыстылығына, қол жетімділігіне, жеткілікті болуына және шынайылығына қарай бағалауға міндетті. Сарапшы қорытындысының қол жетімділігі дәлелдемелерді зерттеудегі тараптардың тең болуы, жариялылығы, қоғамның қылмыстық сот ісін жүргізу қатысуы

сияқты принциптерімен алдын ала анықталады. Бұл принцип қорытынды тергеуші мен сотқа ғана емес, сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың барлығына, сот отырысына қатысушылардың барлығына айқын болуын білдіреді. Бұл принцип дәлелдеу адресаты туралы мәселемен байланысты. А.А.Эйсман «Іс бойынша жиналған дәлелдеме тергеуші мен сотқа ғана қатысты емес, олар процеске қатысушылардың барлығына, сот отырысына қатысушылардың барлығына, қоғамға түсінікті және қол жетімді болуы тиіс» деп атап өтуі орынды.

### **Сарапшының зерттеу жүрізу кезіндегі тәуелсіздігі мен дербестігі.**

Осы принципті талдауға көшпес бұрын осы мәселенің кейбір бастапқы жағдайларын анықтап алу қажет. Ең алдымен, сараптаманы тергеуші және сот (судья) анықтайтынын атап өткіміз келеді. Қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асыратын адам ғана сараптаманың нысанын анықтайды. Бұл адамдар сараптаманың нысанын анықтауды жаңа дәлелдемелерді қалыптастыру немесе қолда бар дәлелдемелерді растау үшін сараптамалық зерттеуге нақты деректер қажеттілігі негізінде жүзеге асырады. Осы принциптің мазмұнына сараптамалық зерттеу процесіндегі сарапшының тәуелсіздігі кіруі тиіс, бұл ретте тәуелсіздік сарапшының сараптаманың оы тобы мен түрінде қабылданғандардың қатарынан зерттеу әдісін еркін таңдауын, сондай-ақ қорытынды қалыптасатын алынған нәтижені бағалау еркіндігін білдіреді. Сарапшыға қандай да бір адамдардың, оның ішінде тергеушінің, сараптама мекемесі басшысының, айыпталушы мен жәбірленушінің зерттеу процесіне қол сұғуынан еркіндікке кепілдік берілуі тиіс.

Сонымен қатар осы принциптің мазмұнына, біздің ойымызша, сарапшыға жалған сенімсіздіктен және әділетсіздіктен еркіндікке кепілдік беретін нормалар, сондай-ақ сарапшыға оның қарауына тергеуші және сот берген сараптама объектілерін және басқа да материалдарды қабылдаудың жаңалығын қамтамасыз ететін нормалар кіруі тиіс.

Сараптаманың «Жарыспалылығы». Қылмыстық процестегі жарыспалылық соттың бақылауымен тағылған айыпқа қатысты процеске қатысушылардың дауды білдіреді. Осы принципті жүзеге асыру шарттары айыптау, қорғау және істі мәні бойынша шешу бөлімі, сондай-ақ сот қарауына қатысатын адамдардың құқықтарының теңдігі принципі болып табылады. Заң әдебиеттерінде осы принциптің процестің әртүрлі кезеңдеріндегі әрекеттеріне қатысты әртүрлі пікірлер айтылуда. Жеткілікті дәлелденген позиция бар, аталған позицияға сәйкес жарыспалылық принципі сот кезеңдерінде ғана орын алады, себебі сотқа дейінгі кезеңдерде дау нысаны – айыптау қалыптаспаған. Ал айыпталушыда айыптаудан қорғалу үшін алдын ала тергеу кезеңінде нақты құралдары жоқ, себебі айыптау тарапында оның кінәлі екендігі туралы қандай дәлелдемелер бар екендігі туралы ақпарат жоқ. Қарама-қарсы позицияның жақтаушылары жарыспалылық принципі қылмыстық процестің барлық кезеңдерінде орын алады, бірақ құқық нормалары оны әрқашан тиісті дәрежеде қамтамасыз етпейді деп сендіреді.

Үшінші келісілген позиция бар, оның авторлары жарыспалылық принципі сот кезеңінде ғана орын алады дейді, алайда қылмыстық қудалау функциясының



бөлігі ретіндегі айыптау функциясы қозғалған қылмыстық іс кезеңінде-ақ қалыптасады.

Қылмыстық сот ісін жүргізу – бұл, әрине, жариялылық қызмет. Сондықтан қылмыстық сот ісін жүргізудегі жарыспалылық кейбір ерекшеліктерге ие, жүзеге асырудың белгілі бір шектері бар деп айтуға болады. Жарыспалылық – бұл қылмыстық-процестік құқықтың түрі емес принципі ғана, сондықтан ағылшын-сакс жарыспалы қылмыстық процесінің кейбір ережесін континенттік негізге ауыстыруға болмайды.

Яғни қылмыстық-процестік институты ретінде сот сараптамасы жарыспалылығы сот тергеуі барысында сарапшы қорытындысын зерттеуге тараптардың қатысу мүмкіндігі ретінде ғана және алдын ала тергеуде сараптаманы тағайындауға байланысты айыпталушының, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің құқықтарын іске асыру ретінде ғана танылуы тиіс.

6. Сараптаманы тағайындау негіздемесі және уақыттылығы.

Процестік мағынада кез келген процестік шешімді қабылдау үшін негіздеме қандай да бір шешімді қабылдау үшін қажетті және жеткілікті болатын жеткілікті деректер (процестік және процестік емес ақпарат) болып табылады.

Тергеушінің, соттың растайтын (адамды жәбірленуші деп тану, айыпталушы ретінде тарту) немесе танымдық (қарау, тінту жүргізу, тану үшін ұсыну) сипаттағы қандай да бір әрекетті жүргізу туралы процестік шешім қабылдауды қажет ететін ақпаратты алуы нақты негіз болып табылады. Қазақстан Республикасы ҚПК 83-бабына сәйкес арнайы танымдар процестік, сондай-ақ процестік емес сипатта да бола алатын белгілі бір ақпаратты алу негізінде қажеттілік ретінде керек. Қылмыстық-процестік әдебиеттерде барлық ғалымдар дерлік сараптаманы жүргізу негізі қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайларды анықтау үшін арнайы танымдардың қажет болуы деп түсінеді. Т.В. Сахнованың сараптаманы тағайындау және жүргізу негіздерін анықтау қажеттілігі туралы пікірін әрі қарай өрбіту керек. Сонымен қатар сараптаманы тағайындау мен жүргізудің материалдық және процестік, гносеологиялық және құқықтық негіздері туралы айтуға болады<sup>25</sup>.

Қылмыстық істі тергеу мен шешуде сараптама нысанында арнайы білімді пайдалану қажеттілігі екі жағдаймен алдын ала анықталады:

1) сараптамалық зерттеуді талап ететін дәлелдеу ақпаратын алу (авторын анықтау қажет атты тінту кезінде табу, алып қою);

2) арнайы білімді қолдана отырып, қылмыс құрамының конструктивті белгілерін анықтау қажеттілігіне материалдық құқықтың нормаларын көрсету (лауазымды тұлғаның әрекеттерінің арнайы ережелерге сәйкестігі; қарудың ату немесе суық қару тобына тиісті болуы; заттардың есірткі, улы немесе күшті әсер ететін заттарға және т.б. тиісті болуы).

Бірінші жағдай көбінесе дәлелдеу фактілерін анықтауды болжайды. Екінші жағдай материалдық құқықтың нормасына қылмыс құрамының белгісі ретінде енгізілген басты фактіні анықтауды болжайды. Бірінші жағдай – сараптаманы тағайындауға қажеттілік туындайтын, сараптаманы жүргізудің процестік негізі

болып табылатын ақпаратты алу. Екінші жағдай – материалдық құқықтың нормаларын арнайы білімді қолдану қажеттілігіне бағыттауды біз сараптаманы жүргізу үшін материалдық негіз деп атаймыз.

Біздің ойымызша, сараптаманы тағайындаудың гносеологиялық негізі сарапшының алдына қойылған мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін ғылыми білімді және сараптамалық әдістемелерді дамыту деңгейі болып табылады. Тергеушінің және соттың сараптаманы тағайындауға және оны жүргізудің тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттерінің жиынтығы құқықтық (заңды) негіз болып табылады.

Келесілер осындай әрекеттер болып табылады:

1) сараптаманы тағайындау туралы қаулы шығару;

2) сараптаманы тағайындау мен жүргізуге байланысты процеске қатысушылардың құқықтарын қамтамасыз ету және іске асыру бойынша процестік заңның талаптарын орындау;

3) сарапшыны сараптамалық зерттеуді жүзеге асыру үшін қажетті және жеткілікті бастапқы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Тергеушінің және соттың істің мән-жайларын анықтау үшін сараптама нысанында арнайы білімді қолданудың объективті қажеттілігін ұғынуын сараптаманы тағайындау негізі деп түсіну қажет. Тергеушінің және соттың арнайы білімді қолданудың объективті қажеттілігі сараптаманы жүргізу негізі болып табылады.

Қылмыстық іс бойынша бірдей мән-жай бірнеше тергеу әрекеттері, оның ішінде сараптама тағайындау арқылы анықталуы мүмкін екендігін атап өту қажет. Ең алдымен, бұл қылмыстық іс бойынша дәлелдеу жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты. Сондықтан Ю.К. Орловпен келісу қажет, ол сараптаманы негізсіз тағайындау оны тағайындау үшін негіздер болған кезде тағайындауға қарағанда, аса қауіпті болып табылады деп есептейді. Сонымен қатар сараптаманы негізсіз тағайындау қылмыстық істі тергеу және шешу мерзімдерінің созылып кетуіне, сондай-ақ сараптама мекемелерінің жүктемесі шамадан тыс болуына әкеп соқтыратынын ескеру қажет. Бұзақылық туралы іс бойынша заттардың осы балтамен бұзылған бұзылмағаны туралы мәселені шешу үшін трасологиялық сараптама тағайындаудың қажеттілігі жоқ, егер ол көптеген куәлардың айғақтарымен анықталған болса. Сараптаманы тағайындау туралы мәселені шешу кезінде сараптаманы белгілі бір жағдайларға байланысты тағайындау қажеттілігінің туындау мүмкіндігін, мысалы, айыпталушы айғақтарын өзгерткен кезде немесе куәлар біраз уақыт өткеннен кейін зақым дәл осы затпен келтірілгенін нақты айта алмаған жағдайда, ескеру керек<sup>26</sup>.

Сараптаманы тағайындау негізімен уақыттылығы тығыз байланысты.

Процестік шешімдерді қабылдау уақыттылығы алдын ала тергеудің қажетті жалпы шарттары ретінде қылмысты ашу жылдамдығын талап етеді. Сараптаманы тағайындаудағы уақыттылығы әрқашан оны тағайындау жылдамдығына байланысты бола бермейді. Мысалы, тез бұзылатын объектілерді зерттеумен байланысты сараптаманы тағайындау кезінде сараптаманы тағайын-

дауды баяулату теріс салдарға: сараптамалық зерттеу объектілерінің жойылуына немесе бұрмалануына әкеп соғуы мүмкін, осының салдарынан сараптама мүлдем мүмкін болмайды. Басқа жағынан, сараптаманың кейбір түрлері мұқият дайындықты талап етеді, мысалы, психологиялық-психиатриялық немесе сот-бухгалтерлік сараптама кезінде. Алайда бұл кезде сараптаманы жүргізу мерзімі мен алдын ала тергеу мерзімінің өзара байланысын ескеру қажет. Сараптаманы тағайындау кезіндегі уақыттылығы: 1) арнайы білім қажет болғанда; 2) сараптаманы жүргізу үшін қажетті және жеткілікті материал жинақталғанда оны жүргізу мақсатқа сай және тиімді деп есептейтін авторлармен келісу қажет:

Қылмыстық-процестік құқық институты ретіндегі сараптаманың принциптерімен қатар процестік әрекет ретінде сараптаманы тағайындау мен жүргізудің жалпы жағдайларын бөліп көрсету қажет. Қылмыстық процесс теориясындағы жалпы жағдайлар ұғымы қылмыстық процестің кезеңдеріне: алдын ала тергеу кезеңіне және сотта қарау кезеңіне қатысты қарастырылады. Қылмыстық процестің жалпы жағдайлары қылмыстық-процестік заңмен белгіленген қылмыстық процестің принциптеріне негізделген және қылмыстық-процестік құқық кезеңінің немесе институтының аса маңызды және ерекше белгілерін білдіретін процестік тәртіпті анықтайтын құқықтық талаптары білдіреді. Заң әдебиеттерінде жалпы жағдайлар мен принциптер тең ұғым емес екендігі атап өтіледі. Принциптер мен жалпы жағдайлардың байланысы мынада: «алдын ала тергеудің жалпы жағдайлары социалистік сот төрелігінің принциптерінде бекітілген негізін қалаушы ережелер мен идеяларды дамытады және нақтылайды». Бірақ бұл ұғымдар қылмыстық процесте жеткілікті дәрежеде нақты ажыратылмайды, мысалы Н.В. Жогин, Ф.Н. Фаткуллин «Қылмыстық-процестік заңнама мен заманауи талаптар аясында қылмыстылыққа қарсы күресу үшін қылмыстық процесте алдын ала тергеудің принциптері мен жалпы жағдайлары ретінде қарастырыла алатын негізгі ережелерді бөліп көрсету қажет» деп көрсетеді<sup>27</sup>.

Бізге сот сараптамасы институтының принциптерінің және сараптаманы тағайындау мен жүргізудің жалпы жағдайларының ұғымын ажырату қажет. Осыдан қылмыстық процесс принциптерінің келесідей анықтамасы пайда болады.

Қылмыстық процестің принциптері – бұл қылмыстық істерді тергеу және шешу бойынша қызметтің әлеуметтік мәні мен қылмыстық-саяси бағытын анықтайтын қылмыстық-процестік құқықтың негізгі идеялары. Қылмыстық процестегі сот сараптамасының принциптері – бұл сараптаманы тағайындау мен жүргізу және дәлелдеменің көзі ретінде сарапшының қорытындысын бағалау бойынша әрекеттердің мәнін көрсететін қылмыстық-процестік нормаларда бекітілген идеялар. Сараптаманы тағайындау мен жүргізудің жалпы жағдайлары жалпы сипаттамасы бар және қылмыстық-процестік құқық нормаларында бекітілген сараптаманы тағайындау мен жүргізу ережесі болып табылады.

Басқаша айтқанда, принциптер мен жалпы жағдайлар белгілі бір білім және осы білімді кейбір нормалар мен ережелер арқылы іске асыру әдісі ретінде өзара байланысады.

Сараптаманы тағайындау мен жүргізудің жалпы жағдайлары (ережелері) ретінде келесідей ережелерді бөлуге болады:

- Сараптаманы тағайындаған адамның сараптаманы тағайынау мен жүргізудегі анықталған рөлі.

- Сараптаманы жүргізу кезінде сарапшының дербестігі және тәуелсіздігі.

Бұл жалпы жағдайға сараптама бастамасының шегін және сарапшының қылмыстық істің материалдарымен танысу шегін анықтайтын ережелер жатады. Сараптаманы сараптама мекемесінде және сараптама мекемесінен тыс тағайындау және жүргізу тәртібі.

Бұл жалпы жағдайды анықтайтын ереже сараптаманы тағайындау мен жүргізуге қатысушылардың барлығының: тергеушінің, судьяның, сондай-ақ сарапшының, айыпталушыны (жәбірленушінің), қорғаушының, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің және олардың өкілдерінің әрекеттерінің реттілігін білдіреді. Сараптаманы тағайындау және жүргізу кезінде айыпталушының (күдіктінің) және оның қорғаушысының, жәбірленушінің қатысуы.

Сараптаманы тағайындау және жүргізу кезінде бұл жалпы жағдай сараптаманы тағайындау мен жүргізу кезінде мүдделері қозғалатын қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын іске асыру туралы құқық нормалары талаптарының сақталуы міндетті екендігін білдіреді. Сараптаманы тағайындау мен жүргізуге негіз болған кезде СДТБТ-ге тіркелгендер бойынша ғана сараптама тағайындау және жүргізу.

Бұл жалпы негіз сараптаманы тағайындау кезінде қылмыстық-процестік заңмен белгіленген барлық ережелер сақталуы тиіс екендігін білдіреді. Тергеушінің және соттың сарапшының қорытындысын бағалауының жалпы және ерекше ережелері.

Тергеушінің және соттың сарапшының қорытындысын бағалауының жалпы ережесі ретінде Қазақстан Республикасы ҚПК 25-бабында белгіленген норма болып табылады, оған сәйкес «Судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар-ожданды басшылыққа алады».

Зерттеудің жоғарыда баяндалған нәтижесінің негізінде біз бір уақытта үш талап міндетті түрде сақталған кезде ғана сот сараптамасы тағайындалады деген қорытындыға келдік:

1) сараптаманы жүргізу мақсаты егер негізді басқа көздерден анықталуға мүмкіндік болмаған жағдайда қылмыстық істер үшін негіздемені анықтау болып табылады. Процестің алғашқы кезеңінен бастап дәлелдеу қызметін анықтайтын қылмыстық іс бойынша дәлелдеу нысанына көше отырып, сөз қылмыс оқиғасы туралы болуы тиіс деп болжаймыз;

2) сот сараптамасын тағайындау мен жүргізуге байланысты мәжбүрлеу сипатындағы қандай да бір шараларды қолдану жоққа шығарылады.

Яғни әрбір нақты жағдайда сот сараптамасын тағайындау туралы мәселе жағдай бір уақытта жоғарыда көрсетілген барлық талаптарға сәйкес болған кезде

ғана оң шешімін табады. Сонымен қатар бұл жағдайда сот сараптамасының нәтижесіне мүдделі процеске қатысушылар – қылмыстық құқық бұзушылық жасаудан зардап шеккен адам екендігін ескеру қажет.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу, біздің ойымызша, жүргізілген жұмыстың өзектілігін, алдыға қойылған мақсат пен міндеттің іске асырылу дәрежесін, сот сараптамасын тағайындаудың проблемалық мәселелерін шешу үшін алынған нәтиженің теориялық және практикалық құндылығын бағалауға мүмкіндік беретін келесідей қорытынды мен ұсыныстар қалыптастыруға мүмкіндік береді:

1. Қылмыстық сот ісін жүргізуде адамның кінәлілігіне, олардың әрекетін жіктеуге, істе бар дәлелдеменің қатыстылығына, іске асырылуына және жеткілікті болуына қатысты, қылмыстық жауаптылықты немесе жазалауды жоққа шығаратын қылмыстық-процестік норманы қолдануға қатысты мәселелерді ғана, яғни кәсіби дайындықтың нәтижесінде процесті жүргізетін органның лауазымды тұлғасы алған білімді қоспағанда, сарапшы мен маманның көмегін қылмыстық-процестік заң талаптарының шегінен шықпау құқығына қатысты мәселелерді зерттеу үшін қолдану.

2. Қылмыстық істі өз өндіріске алынған кезде үшін негіздемені тексеру кезінде арнайы білімді қолданудың аса білікті нысаны – сот сараптамасы үлкен рөл атқарады, себебі сарапшының қорытындысыз кейде қылмыс белгілерінің бар-жоғы (жоқ болуы) туралы мәселені шешу мүмкін емес. Бұрынғы қолданыстағы қылмыстық-процестік заңмен сот сараптамасын тағайындауға жол берілген жоқ.

Алайда сот сараптамасын тағайындау практикасы қолда бар редакциядағы тиісті норманы енгізумен тиісті проблема толық көлемде шешілмегенін аса анық куәландырады. Бұл жағдай сотқа дейінгі тергеу барысында сот сараптамасын тағайындау мүмкіндігі туралы мәселе жөніндегі процессуалдық доктринаны тереңірек талдауға, сондай-ақ тиісті сот-тергеу және сараптамалық практикаға қайтып келу қажеттілігін өзектендіреді.

3. Отандық қылмыстық-процестік заң сотқа дейінгі тергеу барысында сот сараптамасын тағайындауды да жүргізуді де белгілі бір дәрежеде толық анықтамайды, бұл нақты қылмыстық істер бойынша осы мүмкіндікті іске асыру сапасына ықпал етеді.

Қылмыстық іс өндірісіне кезеңінде сот сараптамасы мәселелері бойынша құқық қолдану қызметінің жағдайына талдау жүргізу нәтижесі айтарлықтай кемшіліктердің бар екендігін куәландырады, бұл сот ісін жүргізудің көрсетілген кезеңі үшін ерекше болып табылады, олар екі топқа бөлінуі мүмкін: 1) қолда бар процессуалдық нормалардың (ҚПК өтінішхатты сараптаманы жүргізусіз тіркеу мүмкіндігі жоқ екендігі туралы мәселені шешу кезінде ғана сот сараптамасы тағайындалуы мүмкін; сараптамалық зерттеу үшін материалды көзделмеген тәсілдер арқылы жинау жөніндегі 272-бабының 2-бөлігінің талаптарын бұзу) бұзылуымен байланысты кемшіліктер; 2) сот сараптамасының мәселелерін жеткіліксіз реттеумен байланысты кемшіліктер (қылмыстық процесте адам мен

азаматтың құқықтарын және бостандықтарын сақтау кепілдігімен байланысты процессуалдық принциптерді іске асырудағы кемшілік). Көрсетілген топтар шартты түрде бөлінген, себебі бірінші топтың кемшіліктері белгілі бір дәрежеде заңды сипаттағы кемшіліктермен байланысты.

4. Теориялық дерек көздерге, Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық-процестік заңына және құқық қолдану практикасына жүргізілген талдау сот сараптамасын тағайындау мен жүргізуді нормативтік қамтамасыз етуді және құқық қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған бірқатар құқықтық, ұйымдастырушылық және ғылыми-әдістемелік сипатын ұсынуға мүмкіндік береді.

Ең алдымен, процестік сипаттағы кемшіліктерді жою туралы сөз қозғалуы тиіс. Бұл ретте, заңда келесідей ережелерді көрсету қажет:

1) сот сараптамасын тағайындау және жүргізу қай кезде мүмкін болатын жағдайын нақтылау;

2) нәтижесінде сот сараптамасын жүргізу үшін материал алынуы мүмкін болатын сотқа дейінгі тергеу кезінде жүргізілетін процестік әрекеттің тізімдемесін нақты белгілеу;

3) сот сараптамасының нәтижесіне мүдделі процеске қатысушылардың – қылмыстық іс өндіріске алу туралы мәселе шешіліп жатқан қылмыс жасаудан зардап шеккен адамның, сонымен қатар олардың өкілдерінің құқықтарын бекіту;

4) сот сараптамасын жүргізуге байланысты мәжбүрлеу сипатындағы қандай да бір шараларды жокқа шығару.

5. Сараптаманы тағайындау мен жүргізудің ұйымдастырушылық-әдістемелік мәселелерін шешудің кейбір жалпы ережелерін қалыптастыру мүмкін және мақсатқа сай болып табылады. Себебі олар белгілі бір дәрежеде сараптаманың тобына, тегіне және түріне қатысты белгілермен анықталады, біз оларды Қазақстан Республикасының сот сараптамасы органдары жүргізетін сараптаманың тобына, тегіне және түріне қатысты қарастырамыз.

Сот медициналық және психиатриялық сараптама тағайындау проблемасы міндетті түрде сараптама тағайындау мәселесімен тығыз байланысты, себебі, біріншіден, заңда көрсетілген нормалармен қарастырылған жағдайда қылмыстық істің белгілі бір мән-жайларын белгілеу кезінде дәлелдеудің белгілі бір құралдарын қолдануға шектеу белгіленген, екіншіден, сараптаманы міндетті түрде тағайындау туралы талап оны келешекте тағайындау, тіпті тиісті мән-жайлар басқа процессуалдық әрекеттің нәтижесінде белгіленуі мүмкін болғанда, оның ішінде арнайы білімді қолдануға негізделгенде тағайындау қажеттігімен байланысты. Сараптаманы міндетті түрде тағайындау жағдайына қатысты сотқа дейінгі тергеу кезеңінде оларды тағайындау мүмкіндігі туралы мәселенің оң шешілуі, біздің ойымызша, ҚПК 271-бабының 1-тармағында көзделген мән-жайларды – қайтыс болу себебін, денсаулыққа келтірілген зиян ауырлығының сипатын және дәрежесін белгілеу үшін ғана орын алады.

<sup>1</sup> Конституция Республики Казахстан 1995 г.

- 
- <sup>2</sup> **Притузова В.А.** Заключение эксперта как доказательство в уголовном процессе. — М., 1959. С. 16;
- <sup>3</sup> **Орлов Ю.К.** Заключение эксперта как источник выводного знания в судебном доказывании. Автореф. дисс. ... докт. юрид. наук. — М., 1985. С.44;
- <sup>4</sup> **Винберг А.И.** Вещественные доказательства // В кн. Теория доказательств в советском уголовном процессе. — М., 1973. С. 648- 649;
- <sup>5</sup> **Шляхов А.Р.** Процессуальные и организационные основы криминалистической экспертизы. — М., 1972. С.5.
- <sup>6</sup> **Селиванов Н.А.** Вещественные доказательств. — М.: Юрид. лит., 1971.
- <sup>7</sup> **Орлов Ю., Шишков С., Гришина Е.** Оценка судом достоверности заключения эксперта // Российская юстиция. — 1995. — №11. — С.45-46.
- <sup>8</sup> **Арсеньев В. Д.** Соотношение понятий объекта и предмета судебной экспертизы // Проблемы теории судебной экспертизы. — М., 1980. С.9-10.
- <sup>9</sup> **Нагаев В.В., НагаевВ.В.** Основы судебно-психологической экспертизы: Учеб. пос. для вузов. — М., 2000. — 333 с.
- <sup>10</sup> **СахноваТ.В.** Судебная экспертиза. — М.: Городец, 1999. — 368 с.
- <sup>11</sup> **АверьяноваТ.В.** Содержание и характеристика методов экспертного исследования. — Алма-Ата, 1991.
- <sup>12</sup> **Исмагулова Е.Р.** Доказывание в уголовном процессе: традиции и современность. — Алма-Ата, 2000. — 272 с.
- <sup>13</sup> **АрсеньевВ.Д.** Содержание, предмет и задачи общей теории судебной экспертизы // Вопросы теории судебной экспертизы. Сборник научных трудов. Вып. 31. — М.: ВНИИСЭ, 1977. С. 3-21.
- <sup>14</sup> **РогачевскийЛ.И.** О судебно-психологической экспертизе // Вопросы криминалистики. Вып 10. — М.: Юрид. лит., 1964. С.36-42.
- <sup>15</sup> **ПалиашвилиА.Я.** Экспертиза в суде по уголовным делам. — М.: Юрид. лит., 1973. — 144с.
- <sup>16</sup> **ЛобачС.В.** Принципы осуществления судебно-экспертной деятельности в Республике Казахстан: Дис. ... канд. юрид. наук. — Алматы, 2006. — 128 с.
- <sup>17</sup> **БалакишинВ.** Заключение эксперта как средство доказывания по уголовным делам // Законность. — 1999. — № 1. — С. 37-40.
- <sup>18</sup> **БычковаЕ.С.** Институт специальных знаний в гражданском судопроизводстве Республики Казахстан: Дис. ... канд. юрид. наук. — Алматы, 2004. — 166 с.
- <sup>19</sup> **Белкин Р.С., МирскийД.Я.** Процессуальные аспекты назначения экспертизы // Процессуальные аспекты судебной экспертизы. — М., 1986. — С. 27-38.
- <sup>20</sup> **ГинзбургА.Я.** Проведение экспертизы при расследовании преступлений органами внутренних дел КазахскойССР. Учеб. пособие. — Караганда: Карагандинская ВШ МВД СССР, 1987. 106 с.
- <sup>21</sup> **ЗининА.М., МайлисН.П.** Судебная экспертиза. — М., 2002. — 320 с.
- <sup>22</sup> **ГордонЭ.С.** Судебно-медицинская экспертиза: Проблемы и решения. — Ижевск: 1990. — 180 с.
- <sup>23</sup> **АлексеевС.С.** Право: азбука теория — философия: Опыт комплексного исследования. — М.: «Статут», 1999. — 712 с.
- <sup>24</sup> **АубакировА.Ф., Бычкова С.Ф.** Проблемы организации научных исследований в судебнойэкспертизе// Теоретические и практические вопросы судебной экспертизы. Вып. 1. — Алма-Ата:КазНИИСЭ, 1992. С.3-7.
- <sup>25</sup> **ИсаевА.А.** Теоретические и правовые проблемы применения специальных познаний для квалификации преступлений. — Алматы, 1999. — 240 с.
- <sup>26</sup> **ШакировК.Н.** Судебная экспертиза: проблемы теории и практики, — Алматы, 2002. — 288 с.
- <sup>27</sup> **ЖогинН.В., Фаткуллин Ф.Н.** Предварительное следствие. — М., 1965, — 368 с.

## СОДЕРЖАНИЕ— МАЗМҰНЫ — CONTENT

### **Дуйсембаева Д.А.**

Понятие религиозной безопасности и ее современное состояние в РК

Діни қауіпсіздік түсінігі және оның ҚР қазіргі жағдайы

The concept of religious security and its current state in the Republic of Kazakhstan.....3

### **Ерланұлы Қ.**

Год молодежи — возможности и перспективы

Жастар жылы — мүмкіндіктер мен жоспарлар

Year of youth — opportunities and prospects.....7

### **L.A. Zhubandykova**

Development of criminal law policy of Kazakhstan in the fight against crimes religious extremist directions

Діни экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы күрес мәселелерінде Қазақстанның қылмыстық-құқықтық саясатын дамыту

Развитие уголовно-правовой политики Казахстана в вопросах борьбы с преступлениями религиозной экстремистской направленности.....11

### **Занина Т.М.**

Взаимодействие органов и учреждений системы профилактики и правонарушений несовершеннолетних по выявлению фактов семейного неблагополучия

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жүйесі органдары мен мекемелерінің отбасылық қолайсыздық фактілерін анықтау бойынша өзара іс-қимылы

The interaction of bodies and institutions of the system of prevention and juvenile delinquency to identify facts of family distress.....18

### **Звягинцев Ю.Д.**

Некоторые проблемы оснований возникновения права на реабилитацию в уголовном процессе России

Ресейдің қылмыстық үрдісінде оңалту құқығының пайда болу негіздерінің кейбір мәселелері

Some problems of the grounds for the right to rehabilitation in the criminal process of Russia .....23

### **Ж.Қ. Қаирбаев**

Құжаттарды тексеру кезіндегі ішкі істер органдары қызметкерлерінің қауіпсіздігі

Безопасность сотрудников органов внутренних дел при проверке документов

Security of employees of internal affairs bodies when checking documents.....28



### **С.А. Мендыбаева**

Қазақ тілін оқыту үрдісінде компьютерлік жүйені қолданудың тиімділігі

Эффективность использования компьютерной системы в процессе обучения казахскому языку

The effectiveness of the computer system in the process of teaching the kazakh language .....32

### **Сагынтаева А.А.**

Медиация как примирительная процедура

Медиация татуласу рәсімі ретінде

Mediation as a conciliation procedure .....37

### **Тоқатов Р.А., Сабырбек Ш.М.**

Мемлекеттік сатып алу сату және тендерлік қатынастарды ұйымдастырудың жаңа тәсілдері

Государственные закупки и новые подходы к организации продаж и тендерных отношений

Public procurement and new approaches to the organization of sales and tender relations.....41

### **Сергеева А.А.**

Особенности организации физической подготовки в образовательных учреждениях МВД России

Ресей ІІМ білім беру мекемелерінде дене дайындығын ұйымдастырудың ерекшеліктері

Peculiarities of organization of physical training in educational institutions of the MIA of Russia.....45

### **Ш.Ө. Смагулова**

Білім беру жүйесіндегі жаңаша әдіс-тәсілдердің тиімділігі

Эффективность новейших методов и методик в системе образования

Effectiveness of the latest methods and techniques in the education system.....49

### **Токтабеков С. Ж.**

Совершенствование методики преподавания огневой подготовки

Атыс даярлығын оқыту әдістемесін жетілдіру

Improvement of teaching methods of fire training.....53

Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттарының арасындағы «Үздік ғылыми жұмыс» байқауына даярланған ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы АЗИ курсанттарының үздік ғылыми-зерттеу жұмыстары

Лучшие Научно-исследовательские работы курсантов АЮИ МВД РК имени М.Букенбаева по конкурсу «На лучшую научную работу» среди слушателей и курсантов учебных заведений МВД Республики Казахстан

The best scientific research work of cadets of Aktobe law Institute of the Ministry of internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M.Bukenbaev for participation in the

contest «For the best scientific work» among students and cadets of educational institutions of the MIA of the Republic of Kazakhstan .....58

**С. М. Тоғайбекова, С. М. Минайдаров**

Сот сараптамасы: негіздері, тәртібі және оны тағайындау ерекшеліктері

Судебная экспертиза: основания порядок и особенности назначения

Forensic examination: grounds procedure and features of appointment

КІРІСПЕ .....58

1. СОТ САРАПТАМАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....62

1.1 Сот сараптамасы нысанының ұғымы және міндеттері ..... 62

1.2 Сот объектісінің ұғымы және олардың жіктелуі ..... 71

1.3 Сот сараптамасын жүргізуді әдіснамалық қамтамасыз ету..... 82

ҚОРЫТЫНДЫ .....93

### **Требования к материалам:**

Текст статьи должен быть набран в редакторе WORD, шрифтом «Times New Roman», размер шрифта – 14, интервал – 1,5. Отступы: верхний, нижний, правый и левый – 20 мм.

Материал размещается в следующем порядке: на первой строке – полная информация об авторах (фамилия, имя, отчество, научная степень, звание, должность, учреждение, город, адрес, телефон, факс, E-mail), через строчку – название статьи (заглавными буквами), на следующей – сам текст. Литература в конце основного текста с отступом в одну строку и оформляется в виде концевых сносок.

Сноски оформляются в соответствии с Межгосударственным стандартом ГОСТ 7.5 -98 и ГОСТ Р ИСО 12615-2013.

Статья, написанная на государственном (казахском), русском, английском или на других языках, должна содержать название, аннотацию, ключевые слова на государственном, русском и английском языках. Для зарубежных авторов название, ключевые слова и аннотация предоставляются на двух языках (русском и английском).

Объем материала не менее 5 страниц и не более 10 страниц (включая рисунки, таблицы, диаграммы и т.д.). Право включения статей в журнал и редактирование редакционная коллегия оставляет за собой. Материалы, оформленные не по требованиям, не публикуются и не возвращаются авторам. За достоверность опубликованных материалов редакция ответственности не несет.

### **Мақалаға қойылатын талаптар:**

Мақала мәтіні WORD редакторында терілуі тиіс, «Times New Roman» қарпінде, өлшемі – 14, жол аралығы – 1,5. Жиік сызықтары жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтары – 20 мм.

Материалдар келесі тәртіппен орналастырылады: бірінші жолда — автор туралы толық ақпарат (тегі, аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы, лауазымы, қай оқу орны, қаласы, мекенжайы, телефон, факс, e-mail), екінші жолдың орта тұсында мақала атауы (бас әріптермен), бір жолдан кейін мәтіннің өзі көрсетіледі. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі негізгі мәтіннің соңында бір жоларалық шегіністен кейін сілтемелермен ресімделеді.

Сілтемелер мемлекетаралық стандартқа сәйкес ГОСТ 7.5 -98 и ГОСТ РБК 12615-2013 ресімделеді.

Мемлекеттік (қазақ), орыс, ағылшын тілдерінде жазылған мақалада мақаланың атауы, аннотациясы, түйінді сөздері мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде қамтылуы тиіс. Шетел авторлары үшін мақала атауы мен түйінді сөздер екі тілде (орысша және ағылшынша) ұсынылады.

Материалдар (суреттерді, кестелерді, диаграммаларды және т.б алып қосқанда) кем дегенде 5-10 бет көлемінде болуы тиіс. Мақаланы журналға шығару және оны өңдеу құқығы редакциялық алқаға ұсынылады. Ресімделген материалдар талаптарға сәйкес келмеген жағдайда басылымға жіберілмейді және авторларға

қайтарылмайды. Жариялымға шыққан материалдардың фактілері үшін редакция жауап бермейді.

### **Requirements for materials:**

The text of the article should be typed in the editor WORD, the font “Times New Roman”, the font size – 14, the interval – 1.5. Indents: upper, lower, right and left -20 mm.

The material is placed in the following order: on the first line – full information about the authors (last name, first name, patronymic, scientific degree, rank, post, institution, city, address, telephone, fax, E-mail), through the line – title of the article (In capital letters), on the next – the text itself. The literature at the end of the main text is indented in one line and is formatted as endnotes.

Footnotes are drawn up in accordance with the Interstate Standard GOST 7.5 -98 and GOST R ISO 12615-2013.

An article written in the state (Kazakh), Russian, English or other languages should contain the title, abstract, key words in the state, Russian and English languages. For foreign authors, the title, keywords and annotation are provided in two languages (Russian and English).

The volume of the material is not less than 5 pages and not more than 10 pages (including figures, tables, diagrams, etc.). The editorial board reserves the right to include articles in the journal and edit it. Materials that are not made according to the requirements are not published and returned to the authors. For the reliability of published materials, the editorial team does not bear responsibility.



Отпечатано в типографии Актюбинского юридического института МВД  
Республики Казахстан имени М. Букенбаева  
Курсантское шоссе 1